

**Т.Жармағамбетов атындағы орта мектебінің 7 «в» сыныбында 2023 -2024 оқу жылының жылдық жұмыстары жөнінде хабарлама**

Оқу жылы басында барлығы 19 оқушы. Жыл аяғында 16 оқушымен аяқтадық. Жыл басында мектептің әлеуметтік педагогымен бірлесе отырып кластың әлеуметтік паспорты жасақталды. Яғни, класс оқушыларының әлеуметтік жағдайларына анализ жасалды. Класс оқушылары толығымен оқулықпен қамтамасыз етілді.

2023-2024 оқу жылының басында сынып оқушыларын адалдыққа, сйбекке, өз Отанын құрметтеуге тәрбиелеу, жан-жақты, сауатты, мәдениетті жеке тұлға етіп тәрбиелеу мақсатында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы бойынша негізгі 3 құндылықты басшылыққа ала отырып кешенді тәрбие жоспары жасалып, бекітілді. Жоспарланған жұмыстар уақытылы өткізілді.

1-қыркүйек білім күніне орай «Мектебім – мейірім мекені» тақырыбында сынып сағаты өткізілді.

04.09 күні «Отбасы- бақыт мекені» тақырыбында сынып сағаты өткізілді. Мақсаты: бала тәрбиесіндегі ата-ананың алатын орнының ерекше екендігін түсіндіру, бала тәрбиесінің алғашқы алтын қазығы туған ұясы, өз отбасындағы ата-ана тәрбиесі, өнегесі және ата-ана баланың бас ұстазы екенін түсіндіру. Отбасы мүшелерінің арасындағы бауырмалдық, қайырымдылық, достық қарым-қатынасты қалыптастыру.

Сонымен бірге оқу жылының басында бекітілген жоспарға сай қазан айының 5-ші жұлдызы «Ұстаз-ұлы тұлға» тақырыбында мектепшілік мерекелік іс-шара өткізіліп, оқушылар белсене қатысты. Аталған шараға мектеп ұстаздары, ардагер ұстаздар шақырылды.

Сонымен бірге «Вейп – денсаулыққа қауіпті» тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді. Мақсаты: салауатты өмірді дәріптеу, зиянды әдеттерден сақтану. Сабақ барысында оқушылар берілген сөздерден мәтін құрап, тәрбие сағатының тақырыбы мен мақсатын анықтады. Оқушыларға бүгінге күнде ағзаға зиянсыз деп айтылған электронды темекі, керісінше денсаулыққа өте қауіпті өнім болып табылады және адам ағзасында түрлі ауыр ауруларды тудыратын, яғни электронды темекі шегу процесінде никотин, хош иісті, тәтті дәмі бар басқа да химиялық заттар ағзаға зиянды екені түсіндіріліп, пайдаланбауға кеңес берілді.

Жасөспірімдер арасындағы мазақтау, келемеждеу, кемсіту, қорлау, намысқа тию жағдайларының алдын алу мақсатында «Буллинг, кибербуллинг» тақырыбында сынып сағаты өткізілді. Сабақ барысында оқушыларға тақырып бойынша видеороликтер көрсетілді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңдарды негізге ала отырып, құқықтық мағлұмат беру, сыбайлас жемқорлыққа әкеп соғатын себептер мен жағдайларды жою, сыбайлас жемқорлық, құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында «Жемқорлыққа жол жоқ!» тақырыбында сынып сағаты өткізілді. Сынып оқушылары мектептің қоғамдық жұмыстарға да белсене араласады.

Тәрбие жұмысын қорытындыласақ, жоспарға сай барлық тәрбие сағаттары өткізілді. Сынып белсенділері өздеріне жүктелген міндеттерін жақсы атқарды. Оқушылар мектептегі және мәдениет үйіндегі шараларға да белсене қатысты. Сынып оқушылары спорттық шараларға да қатысып өздерін жақсы жағынан көрсете білді. Сонымен қатар ата-аналармен де жұмыстар жүргізілді.

Сынып жетекшісі:

Ж.К.Касенова

